

«Студенттік өзін-өзі басқару» ұйымының ережесі

1. Жалпы ережелер

«Студенттік өзін-өзі басқару» ұйымы – колледж студенттерінің бірлесе басқару жүйесінің жоғарғы органы болып табылады.

«Студенттік өзін-өзі басқару» ұйымы колледж әкімшілігі алдында жауапты.

Ұйымды студенттер арасынан сайланған «Студенттік өзін-өзі басқару» ұйымының президенті басқарады.

Ұйым өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы негізінде, «ҚР білім туралы» заңымен, «ҚР-дағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңымен және «Өзін-өзі тану» АҮД гуманитарлық колледжінің ішкі тәртібімен басшылық етеді.

2. Мақсаты мен міндеттері

Мақсаты – Қазақстан Республикасының жастар саясатын насихаттау, студенттерді рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық құндылықтарға тәрбиелеу, жастардың бос уақытын мазмұнды, тиімді өткізуін ұйымдастыру және олардың құқықтары мен қызығушылықтарын қорғау.

Міндеттері:

- студенттердің колледждегі оқу-тәрбие үдерісін дамытуға белсенді атсалысу;
- студенттер арасында Қазақстандық отансүйгіштікті, Қазақстан халықтары бірлігі идеясын насихаттау;
- колледж студенттерінің шығармашылық және басқару қабілеттерін дамытуды бірлесе басқару ұйымына қатысу арқылы жүзеге асыру;
- студенттер арасында республика көлемінде жүргізіліп жатқан реформаларды талқылау жұмыстарын жүргізу, құқықтық мемлекет және азаматтық қоғамның дамуында белсенді ұстанымға тәрбиелеу;
- колледж студенттерінің әлеуметтік, экономикалық, мәдени мәселелерін шешуге бағытталған бағдарламаларды дайындау және жүзеге асыру;
- колледж студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға және олардың ғылыми қабілетін дамытуға атсалысу;
- талантты колледж студенттерін марапаттауға ұсыныс жасау;
- колледж студенттері арасында салауатты өмір салтын насихаттау;
- басқа жоғары және орта-кәсіптік оқу орындарымен байланысты нығайту.

3. Ұйымның құрылымы мен атқаратын міндеттері

Ұйымның құрамы Президент, Премьер министр, Білім және ғылым министрі, Мәдениет министрі, Спорт және тазалық министрі, Кәсіподақ және мобильділік министрі, Шаруашылық министрі және Хатшыдан тұрады.

Ұйымның президенті:

- осы лауазымға ұсынылған студенттердің өтініші және қажетті құжаттарын қарастыра отырып, колледж Президентін сайлауға қатысады. Президент жалпы колледжішілік жабық дауыс беру арқылы сайланады;
- президент колледж студенттері алдында және «Студенттік өзін-өзі басқару» ұйымы алдында жоспарға сай есеп береді;
- президент ұйымды 1 жыл уақыт аралығында басқарады. Басқару уақытын ұзарту, оның жұмысының сапасымен және нәтижесімен бағаланады.

Президенттің міндеттері мен қызметтері:

- «Студенттік өзін-өзі басқару» ұйымы мен колледж әкімшілігі берген тапсырмаларды орындауды іске асыру;
- студенттердің ұлтына, тіліне, әлеуметтік жағдайына қарамастан тең құқығын қорғау;
- колледж студенттері атынан жиналыстарға қатысу;
- колледж студенттерінің өзін-өзі басқару ұйымының жұмыс істеуін қадағалау;
- министрлер мен топ старосталарының есебін тыңдау және бекіту;
- белсенді студенттерді мадақтауға ұсыну;
- жоспарлауға және колледждің Педагогикалық кеңестеріне (шақырту болған жағдайда) қатысу.

Ұйым бөліміндегі министрліктерге үміткерлер Педагогикалық кеңес отырысында ұсынылады. Кеңес мүшелері ашық сайлау арқылы министрлерді тандайды. Министрлер аптасына бір рет президент алдында есеп береді.

Премьер-министр

Функционалдық міндеттері: министрліктердің жұмысын үйлестіру, оларды қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету; колледждің ішкі тәртібі мен студенттердің сабаққа қатысуын, кешікпеуін және киім үлгісін қадағалау.

Білім және ғылым министрі

Функционалдық міндеттері: колледж студенттерінің ғылыми, кәсіби деңгейлерін және шығармашылық мүмкіндіктерін жоғары деңгейге көтеруге мүмкіндік беру; студенттерге конференциялар, семинарлар, шебер сыныптар мен ҚР және басқа да шетелдік ғылыми мекемелер ұйымдастыратын түрлі іс-шаралардың өтетінін хабарлау, қатысуға атсалысу; семинар, конференциялар және дөңгелек үстелдер ұйымдастыру.

Мәдениет министрі

Функционалдық міндеттері: студенттердің қалалық және республикалық, халықарылық іс-шараларға қатысуын қадағалау; колледжішілік мемлекеттік дәстүрлі мерекелерді ұйымдастыру; сауық кеші, концерт, конкурстар өткізу; колледж студенттерінің өміріне жаңа қызықтар, жаңа бояулар енгізу; дарындыларды табу мен қолдау.

Спорт және тазалық министрі

Функционалдық міндеттері: студенттерге салауатты өмір салтын насихаттау, әлеуметтік және денсаулық сақтау іс-шараларын жүргізу, спорт командасын құру, колледждегі спорт үйірмесінің жұмысын қадағалау; спорттық шаралар ұйымдастыру.

Кәсіподақ және мобильділік министрі

Функционалдық міндеттері: сыртқы байланыстарды үйлестіру, басқа да кәсіптік және техникалық, жоғары оқу орындарымен тәжірибе алмасу жұмыстарын жүзеге асыру.

Колледжде волонтерлік қозғалысты дамыту, оқытушылар мен студенттерді ерікті қозғалысқа тартуға жағдай жасау; әлеуметтік маңызды акция және жобаға қатыстыру; Қазақстан Республикасындағы орын алып жатқан маңызы бар жаңалықтар мен колледж өмірі туралы жаңалықтарды нақты, дұрыс, жылдам жеткізу.

Шаруашылық министрі

Функционалдық міндеттері: колледж бен жатақхана ғимаратының ішкі тазалық ережелерін қадағалау, жатақханада ішкі ережеге сәйкес еңбекті ұйымдастыру (таза бейсенбі, маусымдық сенбіліктер); «Таза бөлме» байқауын ұйымдастыруды дәстүрге айналдыру.

Хатшы

Функционалдық міндеттері: ұйымның барлық құжаттарын өңдеу және жарыққа шығару, отырыстардың хаттамасын толтыру.

Ұйым мүшелері құқылы:

- ұйымның кеңейтілген жиналыстарында ұсыныстар мен сұрақтарды талқылауға;
- министрлер алдында сұрақ қоюға, оларға өтініш жазуға, ұсыныстар енгізуге және жауап талап етуге;
- ұйым мүшелерінің жұмысы туралы ақпаратты білуге; □ ұйымның барлық мерекелік іс-шараларына қатысуға.

Ұйым мүшелерінің міндеттері:

- осы Ережені сақтау;
- ұйым жұмысына белсенді қатысып, қабылданған шешімдер мен қойылған талаптарды орындау;
- ұйым беделін арттыру, оның қызметінің дамуына қатысу, колледж мәртебесінің артуына үлес қосу, ұйым дәрежесін биік ұстау;
- ұйым қатарына жаңа белсенді студенттерді тарту;
- ұйымның мақсаттары мен міндеттерін насихаттау және қорғау.